

ОСНОВНАЯ ЦЕЛЬ МОДУЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ ОБУЧЕНИЯ «ПЕРВАЯ ЛИНИЯ» – ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГЛАВНЫХ ИНЖЕНЕРОВ, ЧТО ДОЛЖНО СПОСОБСТВОВАТЬ СНИЖЕНИЮ УРОВНЯ ТРАВМАТИЗМА, ВНЕДРЕНИЮ ПЕРЕДОВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ УПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬЮ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ, ФОРМИРОВАНИЮ НОВОГО СТАТУСА ИНСТИТУТА ГЛАВНЫХ ИНЖЕНЕРОВ, РАЗВИТИЮ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ И ЛИДЕРСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ В СОВРЕМЕННОМ ФОРМАТЕ.

Канат АЛЬМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»




№40 (2857)
19/05/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ФОРПОСТ

Глава государства принял участие в церемонии запуска строительства логистического центра Казахстана в сухом порту города Сианя, сообщает пресс-служба Акорды.

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в рамках государственного визита в Китайскую Народную Республику принял участие в онлайн-церемонии запуска строительства логистического центра Казахстана в сухом порту города Сианя.

Глава государства поздравил участников церемонии с началом строительства и отметил значимость данного проекта. По его словам, сегодняшнее мероприятие полностью перекликается с инициативой Председателя КНР Си Цзиньпина по созданию экономического пояса Великого шелкового пути, с которой он выступил 10 лет назад в Астане.

В выступлении было отмечено, что Казахстан уделяет особое внимание развитию транспортно-

логистической инфраструктуры и оказывает максимальную поддержку глобальному проекту.

– За последние 15 лет наша страна инвестировала в эту отрасль 35 миллиардов долларов. Мы создали казахско-китайский логистический центр в порту Ляньюньган. Открыли новые железнодорожные маршруты. Начал работу сухой порт «Хоргос – Восточные ворота», – отметил Президент, приветствуя участников церемонии.

Глава государства напомнил также, что на Каспийском море создана современная инфраструктура.

– На Каспийском море создана современная инфраструктура. Можно сказать, что эти меры являются частью проводимой работы. В прошлом году между двумя странами было перевезено 23 миллиона тонн грузов по железной дороге. Это беспрецедентный показатель. Транзит грузов в первом квартале текущего

года увеличился на 35% и превысил семь миллионов тонн. Наше сотрудничество этим не ограничивается. Для дальнейшего развития перевозок необходима дополнительная инфраструктура. Поэтому вместе с китайскими коллегами мы решили построить логистический центр в сухом порту Сианя. Этот хаб соединяет регион Шэньси с Казахстаном, Центральной Азией. Далее он откроет дорогу в Европу, Турцию и Иран. Уверен, что полный запуск проекта придаст новый импульс сотрудничеству двух стран, – сказал Касым-Жомарт Токаев.

В ходе церемонии также выступили исполняющий обязанности мэра города Сианя Е Нюпин и председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев.

Со следующего года через сухой порт планируется перевозить электронику и компьютерные компоненты, автомобили и автокомпоненты, текстиль, одежду, обувь и аксессуары, пищевые и сельскохозяйственные продукты, строительную продукцию и стройматериалы, а также руды, металлы и химическую продукцию.

Фото с сайта www.akorda.kz

ТОРТ АЙДАҒЫ ТАБЫС



Үстіміздегі жылдың төрт айында Қазақстан темір жолы желісі бойынша 82,4 млн тонна жүк тасымалданған. Соның ішінде ел ішіне 52,8 млн тонна, ал экспортқа 29,6 млн тонна жүк жөнелтілген.

Осы ретте әлеуметтік жүк сатындағы астық тасымалының көлемі 16,3% өсіп, 4 млн тонна шамасын құраған. Сыртқа шығарылған астық экспортының көлемі 16% артып, 3,2 млн тонна шамасын құраған. Ал тартылған астық өнімдері 20,4% өсіп, 1,2 млн тоннаға жуықтапты.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ алға тартқан деректерге сүйенсек, биылғы қаңтар-сәуір айларында мұнай жүктерінің өткен жылдың сәйкес мерзімінен 3,3% артық шығып, 6 млн тонна шамасын құрағаны, ал құрылыс жүктерінің 9,6% өсіп, 4 млн тоннаны, сондай-ақ химиялық тыңайтқыштардың 10% немесе 1,5 млн тоннаны құрағаны байқалады.

Төрт ай ішінде пайдаланымдағы жүк айналымы өткен жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 9,6% жоғары болып, 89,4 млрд т-км неттоны құраған.

Ислам ТАЛҒАТ

НА ПЛОЩАДКЕ ШОС



На площадке ШОС обсуждены новые возможности и инициативы Казахстана в железнодорожной отрасли. Так, казахстанская делегация во главе с заместителем председателя правления АО «НК «ҚТЖ» по стратегии Ануаром Ахметжановым приняла участие в совещании руководителей железнодорожных администраций государств – членов Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) в городе Нью-Дели (Индия).

Отметим, Индия в 2023 году является председательствующей страной в ШОС. В ходе совещания обсужден широкий спектр вопросов, касающихся деятельности железнодорожных ведомств, плана работы встречи руководителей на 2023-2025 годы, а также проект Плана мероприятий по реализации Концепции взаимодействия железнодорожных администраций государств – членов ШОС, вопросы по содействию качественному и устойчивому развитию междугородных железнодорожных перевозок в государствах – членах ШОС.

Во время мероприятия озвучены позиция Казахстана по наиболее важным направлениям деятельности ШОС в железнодорожной сфере, ряд предложений по дальнейшему развитию сотрудничества по ключевым аспектам в транспортной сфере.

По итогам совещания был подписан соответствующий протокол, а также принято решение об определении места и сроков проведения следующей встречи. Напомним, ранее на 18-м заседании Совета глав правительств (премьер-министров) государств – членов ШОС (2 ноября 2019 года, г. Ташкент) утверждена «Концепция взаимодействия железнодорожных администраций (железных дорог) государств – членов Шанхайской организации сотрудничества». Также АО «НК «ҚТЖ» участвует в работе специальных рабочих групп по торговле и развитию транзита.

Алуа ТЛЕУБАЙ, Астана

Инфрақұрылым

МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ САУЫҚТЫРЫЛАДЫ

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы инфрақұрылымды жөндеу жұмыстарының көлемін арттыруға басымдық беріп отыр. Айталық, биыл 1,1 мың шақырымнан астам жолды сауықтыру жоспарға енгізілген.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Қазіргі таңда ауқымды жұмыстар Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Семей және Алматы өңірлерінде жүріп жатыр. Мәселен, Астана маңындағы Аршалы – Бабатай тегісінде рельс тіректерін тұтастай алмастыру, бағыттағыш бұрмаларды ауыстыру шаруалары атқарылуда. Ал кешенді жөндеу жұмыстары Мойынты – Қарағанды – Астана тегісінде өткізілуде. Бұл жерде жөндеудің тереңдетілген түрі, яғни ластанып кеткен балласты тереңнен тазарту, ескі темірбетонды шпалдарды ауыстыру, рельс иіндерінің тұтастығын қалпына келтіру сынды тағысын тағы жұмыстар жүргізілуде екен.

– Биыл біз бір мыңнан астам шақырымды сауықтырып, 108 мың шпалды темірбетонды негізге ауыстыруды жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ алты жүзден астам бағыттағыш бұрма-

ны алмастырмақпыз, – дейді Ербол Сәулебеков.

Күрделі және күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары оңтүстік өңірлерде көктемнің алғашқы айында-ақ басталады. Биылғы жұмыс Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінде мәресіне жетіп те үлгерген.

Жазғы жоспарлы жол жөндеу жұмыстары пойыздар жылдамдығын уақытша шектеуге мәжбүр етуде, ал бұл өз кезегінде жолаушы және жүк пойыздарының қозғалыс кестесінің сақталуына кері әсер етуде. Ұлттық компания мамандары алдағы уақытта пойыздар кідірісі Астана – Алматы, Алматы – Петропавловск, Шымкент – Астана, Жезқазған – Алматы және Алматы – Орал бағыттарында болуы ықтимал екенін жеткізді.

Осыған орай Компания жолаушылардан қолайсыздықтар үшін кешірім сұрап, туындап отырған жағдайға түсіністік танытуларын сұрайды. Сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ жаппай жөндеу жұмыстары жүріп



жатқан осындай күрделі жағдайда жолаушы пойыздарының нормативті қозғалыс кестесін сақтауға барлық тиісті шаралар қабылданып жатқанын хабарлайды. Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша анықтамалық ақпаратты 1433 тегін номері және «KTZN_PP_VOT» Телеграмм бот арқылы алуға болады.

Суретті түсірген
Александр ЖАБЧУК

находится на контроле у Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК.

При этом в АО «Қазтеміртранс» уделяют особое внимание содержанию вагонного парка в надежном состоянии. Так, в компании перевыполнен план по ремонту вагонов. С начала 2023 года свыше 2 100 вагонов охвачено плановыми видами ремонта. За четыре месяца текущего года депопской ремонт произведен на 1 497 грузовых вагонах. Капитальный ремонт прошли 665 грузовых вагонов. Таким образом, план по ремонту вагонов выполнен на 111%.

Как говорят специалисты, качество плановых видов ремонта – один из показателей технического состояния эксплуатационного вагонного парка.

ВАГОНЫ ДЛЯ СОЦГРУЗОВ

По данным аналитиков, 85% перевозок социально значимых грузов по железной дороге осуществляется вагонами АО «Қазтеміртранс». При этом в 2022 году перевезено 69,2 миллиона тонн соцгруза. В этом году прогнозируется увеличение этого показателя на 3%.

Жаныбек КЕНЕС,
Астана

Ежегодно вагонами АО «Қазтеміртранс» обеспечиваются до 85% перевозки социально значимых грузов по стране – угля для нужд населения и ТЭЦ, щебня для строительства инфраструктурных проектов, мукомольной продукции,

продуктов питания и скоропортящейся продукции.

Для перевозки насыпных и навалочных грузов (уголь, щебень и другое) используются попутные вагоны АО «Қазтеміртранс». Мукомольную продукцию, продукты питания и скоропортящуюся продукцию перевозят парком крытых вагонов. Вопрос обеспечения вагонами



Сандугаш ҚҰСПЕКОВА,
«Qazindustry» КИЗО» АҚ машина
жасауды дамыту дирекциясы
басшысының орынбасары:

ОТАНДЫҚ ӨНДІРС ОРЫНДАРЫМЕН БІРГЕ ВАГОН ЖАСАУДА СЕРИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР ШЫҒАРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ ШЫҒАРЫЛАТЫН ӨНІМДЕРДІҢ МОДЕЛЬДІК ҚАТАРЫН ҰЛҒАЙТУҒА СЕПТІК ЕТЕДІ. БҰҒАН ҚОСА ТЕМІРЖОЛДЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫН ДАМУ ТҮРІ БОЙЫНША ОРТА МЕРЗІМДІ ПЕРСПЕКТИВАДА БАСЫМДЫҚ ЖҮЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМНЫҢ КОМПОНЕНТТЕРІ МЕН ТОРАПТАРЫН ЖАСАУҒА БЕРІЛЕДІ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В 2023 ГОДУ НА СЕТИ ҚТЖ ЗАПЛАНИРОВАНА ЗАМЕНА

634

КОМПЛЕКТОВ СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ

СВЫШЕ

2 100


ВАГОНОВ АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ОХВАЧЕНО ПЛАНОВЫМИ ВИДАМИ РЕМОНТА С НАЧАЛА 2023 ГОДА

В МИНУВШЕМ ГОДУ ОБЩИЙ ОБЪЕМ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК ГРУЗОВ ТРАНСПОРТОМ СОСТАВИЛ

26,7 млн тонн

БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



«Нұрлы жол» вокзал кешені ғимаратта түсірілген үздік фотоларға байқау жариялады.

ФОТОБАЙГЕ

Бұл байқауға кез келген қазақстандық қатыса алады. Басты шарты – фото аталған кешен ғимаратындағы арнайы стенд жанында түсіріліп, сол автордың әлеуметтік желілердегі парақшаларында жариялануы тиіс. Байқау кезінде салған автордың желідегі аккаунты ашық болуы керек және ол суреттерді жариялағанда аталған вокзалдың парақшаларын белгілеп кету қажет. Байқау биыл 19 мамырға дейін жалғасады. Оның нәтижелері «Нұрлы жол» вокзалының Инстаграм желісіндегі ресми аккаунтында жарияланады. Байқау қорытындысында үш жеңімпаз анықталып, олар вокзалдың атынан брендтік сыйлықтарға ие болады.

БОЛАТ ДАЙЫНДАМАЛАРЫ ШЫҒАРЫЛАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ЖОБА

Ақтөбеде арнайы болат дайындамалар шығаратын теміржол кластері құрылады. Жоба құны 470 млрд теңгені құрайды.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында Ақтөбе облысының әкімі Ермалы Тоғжановтың баяндауынша, өңірге инвестициялар тарту және қолайлы инвестициялық климат құру бағыттары бойынша қолға алынған бұл жобаның болашағы зор. Оның аясында елімізде алғаш болаттың арнайы дайындамаларын шығаратын кәсіпорын бой көтереді. Зауыт шет елдерден жыл сайын 1 млрд долларға сатып алынатын арнайы болат дайындамаларын өндіреді және импортты алмастыруға мүмкіндік береді деп күтілуде. Сондай-ақ 800 метрлік жіксіз рельстер шығаратын «ПЗТМ LTD» ЖШС жұмысты бастайды. Жоба құны – 21,4 млрд. Сонымен қатар жоғары технологиялық темір жол дөңгелектерін шығаратын зауыт іске қосылады. «Ақтөбестил» ЖШС өңірде теміржол шаруашылығын арттырып, импорт тауарлардың орнын басады деп күтілуде. Жоба құны – 168 млрд теңге. Облыс әкімі құрылыс жұмыстарының құнын төмендетуге ықпал ететін цемент зауытын да салу жоспарланып отырғанын айтты. Өңірдегі тасымал жұмыстарының дені теміржол қызметінің еншісінде. Бершүгірдегі 12 қиыршық зауытының өнімдері түгелдей теміржол арқылы тасымалданады.

СЕЙСМОЖАТТЫҒУ ӨТТІ

Ерман ӘБДИЕВ,
Тараз



АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС

Жамбыл жүк тасымалы мен Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінде төтенше жағдай орын алғанда қызметкерлердің қандай әрекеттер, іс-қимылдар жасау керектігі жөніндегі білімдерін пысықтау мақсатында сейсможаттығу өтті.

«Дабыл» белгісі қағылған сағат 11.00-де әкімшілік қызметкерлері түгелдей төтенше жағдай кезінде қолданатын баспалдақтар арқылы сыртқа шықты. Эвакуациялау небәрі 10-15 минутта аяқталып, барлығы залалсыздандырылды. Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызметкерлері азаматтар мен ғимарат арасын қоршау – бақылауды өз қолдарына алды.

Жамбыл бөлімшесінің директоры Молдахмет Қожабеков қызметкерлерге төтенше жағдай орын алғанда азаматтардың өзін-өзі қалай ұстау керектігі және қалай қорғану керектігін түсіндірсе, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Сұлтан Борамбаев жер сілкінген жағдайда қандай қауіптер қайғылы жағдайға алып келетінін түсіндірді. Ал Жамбыл облыстық төтенше жағдай департаментінің қызметкерлері алғашқы медициналық көмек көрсету, іште қалған азаматтарды қауіпсіз жерге жеткізу жаттығуларын өткізді. Жаттығу шарасы қанағаттанарлық деп бағаланды.

Суретті түсірген автор

ЖАРМА ӨҢІРІНДЕ ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН...



ЖОЛ ЖӨНДЕУ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Осыған дейін бірнеше жыл бойы Ақтоғай мен Аягөз, Үшбіік-Қарақойтас станциялары аралығында ауқымды қызу жұмыс жүргізіліп, желі бойы толықтай темірбетонды шпалдарға ауыстырылған болатын. Ол жұмысты Аягөз жол дистанциясы жүргізді. Енді міне биыл бұл «эстафетаны» аяғөздіктер Жаңа-Семей жол дистанциясына өткізді. Осылайша, жол шаруашылығының білікті маманы Қанат Абдуғалиев жетекшілік ететін ПЧ-40 мекемесі байырғы Жарма дистанциясына тиесілі аймақта қызу жұмыс жүргізіп жатыр.

– Биылғы көзделген меже – 67 800 шақырымды құрайтын телім бойын толықтай жаңалап шығу. Қапанбұлақ пен Нарбота станциялары аралығында үлкен жұмыс жүргізілді. Басты меже – Суырлы құмажолына дейінгі аралықты толық қамтып үлгеру. Әзірге жұмыс барысында ешқандай кедергі жоқ. Араға бір күн салып, көлемі 1 200 шақырым болатын жол табанын жаңалауға мүмкіндік алып отырмыз. Осы қарқыннан жанылмасқа, ұзамай дйттеген мекеге жететін боламыз, – дейді Қанат Рысқалиұлы.

Жуырда жаңасемейлік жолшылар Қапанбұлақ станциясы бойынша үш тәуліктік толаскез алды. Қажетті техника көлемі жеткілікті болғандықтан жоспарлы жұмыс



көзделген мерзім ішінде толықтай орындалды. Негізгі жұмыс мердігер компания «Теміржол жөндеу» ЖШС-нің қатысуымен жүзеге асырылуда.

Бір ерекшелігі, жолшылар биылғы күрделі жөндеу жұмыстарын аяқтау мерзімін белгілемеген. Себебі қағаздағы есепке емес, сапаға баса мән беріледі.

– Негізгі міндет – 85 шақырымдық жол бойын темірбетонды шпалдарға ауыстырып шығу. Бұл ретте тікелей менің назарға алуыммен телім бойындағы жол өткелдері де жаңартылып, жұмыс техникалық талаптарға сай жүргізілуде, – деп пікір білдірді Семей магистральдық желі бөлімшесінің басшысы Айдын Шәукееханов.

Айта кетер жайт, шығыстағы теміржолшылар жол сауықтыру шараларын жыл сайын үдетіп келеді. Осыған дейін Аягөз

және Семей жол дистанцияларына қарасты телім бойы күрделі жөндеуден өтіп, жолдың балдық сапасы жақсарған. Жалпы, бөлімшеге қарасты барлық телім бойы 2030 жылға қарай толықтай жаңартылып, ағаш шпалдар қолданыстан шығарылатын болады. Қазіргі болжам бойынша бүгінгі күннің өзінде жекелеген құмажолдар бойынша пойыздың қозғалыс жылдамдығын сағатына 60/80-нен 140 шақырым сағатқа дейін арттыру мүмкіндігі бар екен. Бұл – «Тальго» пайызының тек осы телімдегі шекті мөлшері. Семей мен Өскеменнен оңтүстік астана мен елорданы бетке алатын жай жолаушылар пойызының жылдамдығы сағатына 120 шақырымды құраса, жүк пойыздары 80 шақырымдық жылдамдықпен жүйткі алатын болады.

Суретті түсірген автор

КЕМШІЛІКТЕРДІ ЖОЮҒА УАҚЫТ БЕРІЛДІ



ҚОРЫТЫНДЫ

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің көктемгі байқауды қорытындылау жиынында инфрақұрылымның, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық нысандардың ағымдағы жай-күйі, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау, жұмысшылардың кәсіби дайындығы, қызметтік-техникалық ғимараттардың жағдайы сараланып, кемшіліктер сөз болды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Тексеру комиссиясының төрағасы, Атырау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Аслан Базарғалиев атап өткеніндей, өткен 4 айда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Жалпы алғанда, қозғалыс қауіпсіздігі, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы, техникалық құралдардың жағдайы, жұмысшылардың тәртібі – қанағаттанарлық. Тексеріс кезінде бөлімше бойынша барлығы 414 кемшілік анықталған. Бас инженер Бауыржан Картанның мәлімдеуінше, тексеріс кезінде станциялардың білім, локомотив деполарының басшылары тарапынан қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша лауазымдық міндеттер жеткілікті деңгейде атқарылмайтыны анықталған. Қызметкерлердің білім деңгейі, стандартты емес жағдайлардағы іс-әрекетке дайындығы төмен, нормативті-техникалық құжаттамалар дұрыс жүргізілмейді. Еңбек және жеке норматив бойынша 56 кемшілік анықталып, 3 адам қайта аттестациялауға жіберілген. Оның бәрі техникалық сабақтардың сапасына мән беру қажеттігін ескертеді.

Бөлімшенің бас ревизоры Жәнібек Көбеевтің баяндауынша, локомотив шаруашылығы бойынша Мақат және Атырау деполарында барлығы 83 кемшілік анықталған. Машинаст-нұсқаушылар локомотив бригадаларымен тәрбиелік-алдын алу жұмыстарын жеткілікті

деңгейде жүргізбейді, машинист жұмысын бақылау төмен, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді ұйымдастыру және техникалық шаралар жүзеге асырылмайды. Локомотив деполарының басшылары тарапынан өздеріне қарасты мәселелер бойынша қажетті шаралар алынбайды. Атап айтқанда, жұмыс технологиясын, қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында ұйымдастырушылық және техникалық шаралар алу, цехтар мен учаскелерді тексеру, локомотивті жөндеу сапасын қадағалау, жылдамдықты реттеу лентасы мен кассетаның дұрыс көрсетуін тексеру, ТО-2 техникалық қызметінен кейін локомотивтердің жағдайын тексеру, т.б. мәселелер.

«Сервистік қызметтен кейін локомотивтер кепілді мерзімге жете алмай қалады. «Қамқор локомотив», «Мақат локомотив жөндеу депосы», вагон деполарында бұрынғыша қосалқы бөлшектер жетіспейді. Атырау вагон депосында техникалық қызмет көрсету пункттерінің жұмысы нашар. Оның дәлелі ретінде қарауға берілген 12 жүк пойызының 52 вагонынан комиссия кемшілік тапты. Олардың ішінен 10-ы ағымдағы жөндеу ағытылып алынса, 2-і қайта өңдеуге жіберілді. Бұл – қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін жайттар», – дейді резизор.

Сондай-ақ қажетті қосалқы бөлшектер санының тізімі жоқтығымен қатар, Мақат, Құлсары пункттерінде крандар мен компрессорлы блоктар жарамсыз күйде болған. Вагон



қараушылар тарапынан вагонды қарау кезінде қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін кемшіліктер анықталмай жатады. Вагон қараушыларға фонарь жетіспейді. Рациялардың қашықтықты ұстауы төмен, сондықтан кейбірі оны қолданбайды. Жоспардан тыс техникалық сабақтар да уақытылы өткізілмейді. Сондықтан өндірістік-техникалық қызмет көрсетудің сапасын арттырып, вагон қараушылар жұмысына бақылау жүргізу қажет.

Сонымен қатар малға қарсы қоршауларды жөндеу дер кезінде жүргізілмей, бұзылған күйінде қалатыны сөз болды. Жолдарды құмнан тазартуды да үнемі жүргізіп отыру керек, атап айтқанда Құлсары – Бейнеу, Атырау – Исатай учаскелерінде жолды құмнан тазарту жұмыстарын технологиялық талапқа сай ұйымдастыру қажет, алайда олар соған арналған арнайы құралдармен жасалуы тиіс, әйтпесе өмірге қауіпті жағдай орын алуы мүмкін.

Байланыс саласы бойынша СОБ қондырғысын күтіп-ұстау, оларды қолдану технологиясы мен нормативтер белгі беру және байланыс дистанциялары басшылары мен участок жетекшілері, аға электромеханиктер тарапынан жеткілікті дәрежеде орындалмайтыны, электроқұралдарда да ақау көп табылғаны сөз болды. Жолдардың сапасына да сын аз айтылған жоқ, жол шеберлері мен жол бригадирлеріне жауапкершілікті арттыру қажеттігі ескертілді.

Жиын соңында аталған жайттар саралана келе, бөлімше басшылығы тарапынан көктемгі тексеріс анықтаған кемшіліктерді түзету, олқылықтарды қалпына келтіру уақыты белгіленіп, мамандардың білімі мен біліктілігін арттыру, өз міндеттеріне жауапты қарау, техникалық сабақтар сапасын жақсарту, еңбек және қауіпсіздік техникасын сақтау жөнінде шешімдер қабылданды.

Суретті түсірген автор

ШЕБЕРЛІК ОСЫЛАЙ ШЫНДАЛАДЫ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда өрт сөндіру пойызы «Жолаушылар пойызы вагонындағы имитацияланған өртті өшіру» тақырыбында оқу-жаттығуын өткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Тілсіз жауды небәрі 23 минутта ауыздықтаған теміржолдың өрт сөндірушілері кәсіби шеберліктерін көрсетті. Қызылорда өрт сөндіру пойызының бастығы Рысбек Шада-

ев оқу-жаттығу талабының толық орындалғанын білдірді. Вагон тұрағында өткізілген жаттығуға барлығы 93 адам қатысқан. Оның ішінде Қызылорда өрт сөндіру

пойызы мен жеке құрамның 17 өрт сөндірушісі, ӘТЖ күзетінің 10 сақшысы, Белкөл станциясының 5 теміржолшысы, Қызылорда локомотив пайдалану депосының



1 машинисі бар, сонымен қатар жергілікті төтенше жағдайлар және өрт сөндіру мекемелерінің жеке құрамдары да қатыстырылған. Өрт сөндіру пойызымен бірге, ГУ СП АСР, АЦ-40 өрт сөндіру машинасы, кезекші көлігі мен жедел жәрдем секілді 10 техника жұмылдырылған.

«Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызының Белкөл станциясының сыртындағы тұраққа қойылған вагондарының бірінен өрт шыққандығы жайлы 16 сағат 29 минутта Қызылорда станциясының маневр диспетчері хабар алған. Осы хабар негізінде барлық тиісті, құзырлы органдар


құлақтанып, 16 сағат 30 минутта Қызылорда өрт сөндіру пойызын өрт сөндіру оқу-жаттығуына қатыстыру туралы бұйрық берілгеннен кейін жедел жиналып, қажетті құрал-саймандармен жарақталып іске кіріскен өрт сөндіру пойызының ұжымы өрт ошағы шыққан нүктеге дейінгі 10 шақырымдық аралықта тілсіз жауды қалай ауыздықтау қажеттігі жайлы өзара пысықтау инструктажын өткізіп, тас-түйін дайындық жасаған. Ал бұл уақытта деподан арнайы тепловоз бөлініп, 16 сағат 48 минутта өрт сөндіру пойызы Қызылорда станциясының 3-жолына шығарылған.

– Өрт сөндіру бұйрығы беріл-

геннен бастап өрт ошағын толық ауыздықтағанға дейінгі барлық уақыт, минут-секундына дейін есептелініп, талапқа сай орындалды. Бұл біздің өрт сөндірушілердің практикалық тұрғыдан дайын екендігін, кез-келген тапсырманы уақытылы орындай алатындығын білдіреді. Белкөлде өткен оқу-жаттығу нағыз шеберлікті шыңдау сабағы болды, – деген Қызылорда өрт сөндіру пойызының басшысы Рысбек Шадаев, әріптестерінің тәуліктің кез-келген сағатында, кез-келген тосын жайға тактикалық тұрғыдан дайын екенін жеткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Суретті түсірген автор

НАДЕЖНЫЙ ЗАСЛОН БРАКУ



Яна ЛЕНИНА,
Уральск

Цель четырехмесячника «Контроль боковой рамы» – обеспечение безопасности движения поездов, исключение случаев излома литых деталей тележек грузовых вагонов, своевременное выявление дефектов литых тележек грузовых вагонов при проведении технического обслуживания вагонов. К началу четырехмесячника были оперативно разработаны организационно-технические мероприятия, на рабочих местах развешены аншлаги, все работники ознакомлены под роспись. Организовано круглосуточное дежурство командно-инструкторского состава и руководства депо, руководители выезжали на контрольные посты для проведения профилактической работы и организации технических занятий, а также для создания необходимых условий работы по обеспечению безопасности движения поездов. Ежедневно на планерных совещаниях командно-инструкторским составом работникам ОПТО станции Уральск, ПТО станции Казахстан, ПТП Жилаево и всех КП посредством связи ДХ проводились инструктажи и внеочередные техзанятия по методам выявления неисправностей тележек, вне-

В ходе четырехмесячника «Контроль боковой рамы» работниками Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3) проведено 16 проверок, выявлено шесть дефектов боковых рам в тележках грузовых вагонов, отцеплено четыре вагона, продефектоскопировано 1 145 боковых рам.



плановые технические занятия. Руководством ВЧД-3 проведено 16 проверок, в ходе которых выявлено 67 замечаний. Все проверки оформлены актами с указанием выявленных замечаний и принятыми мерами. На межгосударственных стыковых пунктах МГСП Озинки ужесточен контроль технического состояния вагонов, принимаемых на магистральную железнодорожную сеть Республики Казахстан, под особым контролем – состояние литых деталей тележек и соответствие их комплектации. Прием и передача вагонов, не соответствующих требованиям «Правил эксплуатации пономерного учета расчетов пользования грузовыми вагонами других государств», исключены. В ходе четырехмесячника на

гарантийном участке ВЧД-3 по неисправностям «трещина, излом боковины» было отцеплено четыре вагона, в условиях Уральского вагоноремонтного депо филиала ТОО «Astana railway services» подтверждено шесть выявленных дефектов. В частности, 28 января 2023 года осматрщик-ремонтник вагонов ОПТО станции Уральск Нурлан Тлифтенов обнаружил дефект в одном грузежном вагоне – раковину глубиной 12 миллиметров в зоне «А» внутреннего угла, радиус R55, а также заруб от износоустойки пластины глубиной более одного миллиметра на боковой раме тележки. В феврале осматрщик-ремонтник вагонов ОПТО станции Уральск Алексей Тарелкин обнаружил дефект в одном грузежном ваго-

не раковину глубиной восемь миллиметров в зоне «А» внутреннего угла, радиус R55, следы сварочно-наплавочных работ на внутреннем углу буксового проема «Позиция-1», следы сварочно-наплавочных работ на внутреннем углу буксового проема «Позиция-2» на боковой раме тележки. Осматрщик-ремонтник вагонов ОПТО станции Уральск Кайрат Мажитов обнаружил в порожнем вагоне трещину длиной 150 миллиметров на верхней стенке продольной балки рамы тележки, а его коллега Жаскайрат Самбетов в тот же день обнаружил в порожнем вагоне следы сварочно-наплавочных работ на внутреннем углу буксового проема на боковой раме тележки. Помимо этого, приемщиками вагонов ВЧД-3 установлена ежесменная проверка за проведением всего комплекса работ по дефектоскопированию боковых рам надпрессорных балок на ремонтных предприятиях. В ходе четырехмесячника было продефектоскопировано 1 145 боковых рам, из них забраковано 15, в том числе 10 – визуальным способом, шесть – магнитно-порошковым методом. В Уральском вагоноремонтном депо проведено семь проверок, выявлено 18 замечаний, все они устранены. Фото автора

Осмотр ОСОБЫЙ КОНТРОЛЬ

По итогам весеннего осмотра по Павлодарскому отделению грузовых перевозок и магистральной сети ревизорами выявлено более тысячи замечаний, в прошлом году этот показатель был значительно выше. Основная доля нарушений приходится на хозяйство движения.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

В ходе проведения осмотра проверены все структурные подразделения, 45 отдельных пунктов (33 станции), в том числе все станционные пути, стрелочные переводы, здания и сооружения. Особое внимание ревизоры обращали на состояние и обеспечение безопасности движения поездов, трудовой и производственной дисциплины, противопожарной безопасности, подготовку кадрового состава, организацию технической учебы, соблюдение технологии работ предприятий, станций и условия труда работников. По итогам весеннего осмотра

всего выявлено 1 052 замечания, в прошлом году эта цифра составляла 1 443 нарушения. Основная их доля приходится на вагонное, локомотивное и хозяйство движения, а также на коммерческую работу, ВЧДЭ, ТЧЭ и пожарную безопасность. Правда, по производственной безопасности и экологии выявлено 122 замечания, в 2022 году – 113, наблюдается увеличение показателя. Наибольшее количество нарушений на станциях Коржукуль, Айсары, Калкаман, Енбекшильдер, Уленты, Алтынтау, Жолкудук, Шарбакты, Майкаин, Бозшаколь, Красноармейка. По хозяйству движения замечания касались некачественного ведения поездной документации по станциям

(ДУ-46, ДУ-67), выявлен ряд нарушений в части некачественного составления и содержания ТРА станции и приложений к нему, незнакомления всех причастных работников по станциям. По хозяйству грузовой и коммерческой работы продолжают случаи неверного оформления и составления актов общей формы, ведомостей подачи и уборки по станциям, карточки ГУ-1 ведутся с нарушениями. Продолжаются нарушения технологий осмотра и ремонта вагонов. Так, не выявляются неисправности, влияющие на безопасность движения, при наличии которых вагоны не должны отправляться с ПТО. Всего по железнодорожному предприятию Павлодарского отделения, в том числе по НОДПП-3, выявлено 20 замечаний по пожарной безопасности. За допущенные грубые нарушения каждый руководитель и начальник станции должен и будет привлечен к соответствующей дисциплинарной ответственности. Кроме того, по поручению руководства будут разработаны планы профилактических и корректирующих мероприятий, до устранения всех нарушений каждый месяц начальники представят отчеты.

ПЛЮСЫ-МИНУСЫ ВКО

В Алматинском отделении грузовых перевозок, магистральной сети подвели итоги весеннего комиссионного осмотра. В ходе сезонной проверки выявлено 1 370 нарушений и принята 191 запретная мера.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Комиссия по проведению ВКО в регионе призвана проверить подготовку хозяйств к летним перевозкам. – В ходе осмотра повышенное внимание уделялось техническому состоянию локомотивов, качеству проведения технических занятий, определению уровня знаний работников, – отметил во время совещания первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Нуржан Курманалиулы, возглавивший комиссию. В хозяйстве движения и грузовой работы выявлено 133 нарушения, из них по хозяйству движения – 132, по грузовой работе – одно.

Результаты еще раз продемонстрировали, что работниками станций Алтыноколь, Шарын, Шелек, Екпенды, Байсерке, Жетысу, Медеу основные нарушения допускаются при оформлении технической документации, а именно неправильно ведется журнал учета хранения тормозных башмаков. На станциях участка Достык – Актогай – Матай отсутствуют договоры с организациями, работающими с опасными грузами для оперативной локализации или ликвидации аварийных ситуаций. В эксплуатационных депо не организована работа с локомотивными бригадами, допускаются нарушения выполнения должностных обязанностей, при этом отсутствует контроль со стороны командно-инструкторского состава

за нормативно-технической документацией локомотивных бригад, некачественно проводятся технические занятия с локомотивными бригадами. Выявлено 72 нарушения, отставлено два локомотива на станции Достык. В вагонном хозяйстве в период проведения весеннего комиссионного осмотра выявлено 128 нарушений (ВЧД-26 Достык – 34 нарушения, ВЧД-25 Алматы – 94). Касательно пассажирского хозяйства, то в период проведения осмотра выявлено 28 нарушений. Не обошли стороной и хозяйство пути и сооружений, где выявлено 664 нарушения и принято 150 запретных мер. Так, руководством дистанций пути Актогай, Ушгобе, Алматы не на должном уровне выполняются личные нормативы в обеспечении безопасности движения поездов. Кроме того, при проведении комиссионных и натурных осмотров пути и стрелочных переводов не выявляются нарушения, угрожающие безопасности движения. В хозяйстве сигнализации и связи принято 11 запретных мер. К примеру, на участке Алматы – Отар основные нарушения по внутреннему состоянию электроприводов Р-80 Альстом, в частности, по

колодкам автопереключателя имеются трещины в местах крепления и заклинивает блок-контакт электропривода Р-80, также из-за потери контакта в штепсельном соединении монтажного провода разменяны монтажные провода. В хозяйстве электрооборудования имеются еще нарушения в содержании контактной сети на участках Алматинской дистанции электроснабжения. Также на участке Чемолаган – Алматы – Жетыген длительное время не решается вопрос по выносу воздушной линии 10 кВ с территории частного сектора. В рамках осмотра особое внимание уделяется технологии и качеству ремонта подвижного состава, материально-техническому снабжению, бытовым условиям работников. Профсоюзными работниками акцент делался на выполнении пунктов Коллективного договора, проблемах социального характера. Особое беспокойство вызывает вопрос обеспечения воды на станциях Курозек, Екпенды. В качестве положительного примера по подготовке к весеннему комиссионному осмотру были отмечены станции Бурундай, Алтыноколь, Кундызды. В целом, как отметил Нуржан Курманалиулы, весенний комиссионный осмотр в регионе прошел успешно и является хорошим подспорьем для устранения всех замечаний и погрешностей, с последующим принятием корректирующих и предупреждающих мер. Фото автора

УПОР НА КАЧЕСТВО И СКОРОСТЬ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



В Акмолинском регионе началась масштабная ремонтно-путевая кампания, в рамках которой запланировано отремонтировать свыше 58 километров пути.

Летне-путевая работа – это масштабная сезонная программа по оздоровлению инфраструктуры. Она направлена на обеспечение безопасности движения поездов, повышение их скорости, а также уровня комфорта для пассажиров. В период ремонтных работ возможны изменения графика движения пассажирских поездов. Однако коллектив Акмолинского отделения магистральной сети (НЖС-1) делает все, чтобы эти изменения были минимальными. Применяемые сегодня технологии позволяют существенно сократить сроки ремонта, повысив при этом его качество. Прежде чем развернуть ремонтную кампанию, в Акмолинском регионе были подготовлены техника, необходимые инструменты и материалы. Так, в этом году акмолинские железнодорожники выполнят капитальный ремонт пути в объеме 46,820 километров. В частности, он будет произведен на участках: 1-я Целинная – Янко, 239 пк3 – 255 пк6 нечетный – 16,298 километра, Азат в том числе второй главный путь – Жаман-Ащи в том числе первый главный путь – Чаглинка первый главный путь 159 – 182 в объеме 22,701 километра, Петропавловск – разъезд Жанатурмыс – 7,821 километра. Кроме этого, будет проведена активная работа по среднему ремонту пути. В рамках данных работ будет отремонтировано 12 километров в пределах Жана-Есильской и Кокшетауской дистанций пути. Также в рамках летне-путевых работ запланирована сплошная смена рельсовых опор по Астанинской дистанции пути – 12,400 километра, а также 56 стрелочных переводов на железобетонных брусках по Жана-Есильской, Кокшетауской, Астанинской и Атбасарской дистанциям пути.

ОТ ПЕРРОНА ДО ДОМА

АлинуР КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана




Интермодальной услугой «От перрона до дома» воспользовались более 900 пассажиров поездов № 3/4 Алматы – Астана и № 85/86 Шымкент – Астана.

В рамках развития интермодальных перевозок АО «Пассажирские перевозки» в пилотном режиме в Астане внедрили услугу трансфера с перрона вокзального комплекса «Нұрлы жол» до дома на комфортабельном микроавтобусе. Данный проект предусматривает развозку пассажиров комфортабельными микроавтобусами от поезда до дома по Астане. Для удобства пассажиров автотранспорт ожидает на выходе из зала прибытия № 2 железнодорожного вокзального комплекса «Нұрлы жол». Для того чтобы воспользоваться данной услугой, пассажирам достаточно отсканировать QR-код в пассажирских вагонах, указать желаемый адрес и оплатить услугу. Кроме того, пассажиры могут самостоятельно приобрести трансфер от вокзала до дома через веб-сайт: <http://uvv.kz/ktzmain>, чат-бот в Telegram «KTZH_PP_BOT» а также через WhatsApp по номерам <https://wa.me/message/V2Z6NZNX5VRFF1>.

ШАЛОСТЬ ПРИВЕЛА К НЕСЧАСТЬЮ

Светлана МОГАЙ,
Караганда



Очередной несчастный случай произошел на станции Караганозек Карагандинского региона. 15-летний подросток получил удар током на крыше вагона.

В вечернее время школьника ударило током от контактной сети. Он был срочно госпитализирован с термическими ожогами – повреждением тканей организма из-за соприкосновения с горячими веществами или предметами. Теперь ему предстоит длительное и дорогостоящее лечение. По словам главного ревизора департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбека Алымурзаева, железная дорога – не место для игр, а зона повышенной опасности, где главными травмирующими факторами были и остаются наезд подвижного состава, высокое напряжение в контактном проводе. Отсюда следует, что нахождение детей в зоне железной дороги может быть смертельно опасно. Однако многие школьники пренебрегают этими правилами и устраивают развлекательные игры на железнодорожных путях, цепляются за автосцепки и подножки вагонов. В результате дети получают различного рода травмы и остаются инвалидами. В связи с этим педагогам, сотрудникам ЛОП и родителям необходимо проводить с ребятами профилактические мероприятия. К сожалению, это далеко не единственный случай. Ранее на станции Караганозек три школьника получили удар током при аналогичных обстоятельствах. В этом году на узле запланировано строительство тепроводного моста. Возможно, это снизит травматизм среди населения на данном железнодорожном участке. Фото автора



Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.